

Қоғабаяева Ә.М.,  
Атыханова Д.Е.

**Қазақстан Республикасы мен  
Ұлыбританиядағы  
азаматтық тәрбие мазмұнының  
ерекшеліктері**

Бұл мақалада Қазақстан Республикасы мен Ұлыбритания елдеріндегі азаматтық тәрбие мазмұнының ерекшеліктері салыстырмалы түрде қарастырылады. Азаматтылық адамның сендіруінің, ойының, сезімінің және әрекетінің тамыры. Азаматтық тәрбие – бұл қоғамның әрбір мүшесіне қажетті азаматтық сапаны қалыптастырудағы тәрбие жүйесі. Мәселен, саяси, құқықтық, сонымен бірге патриоттық және ұлтаралық және мәдениет аралық қарым-қатынас мәдениеті. Саяси, азаматтық, патриоттық және құқықтық тәрбие бір бірімен тығыз өзара байланысты тәрбие салалары. «Азаматтық тәрбие» ұғымы педагогикалық әдебиеттерде «азаматты тәрбиелеу» ұғымымен ауыстырыла қарастырылған.

**Түйін сөздер:** азаматтық білім беру, азаматтық қоғам, білім беру, Қазақстан Республикасы, Ұлыбритания.

Kogabayeva A.M.,  
Atyhanova D.E.

**Peculiarities of civic education  
content in Kazakhstan  
and the Great Britain**

This article devotes to the differences in the content of civic education in the UK and the Republic of Kazakhstan. Citizenship is the basis of human civilization, thoughts, feelings and actions. Civic education is a system of upbringing required for each member of civil society in shaping the quality of civic education, for example, political, law and patriotic culture and the culture of relationship and communication in international and intercultural level. Political, civic, patriotic and law education are closely interrelated educational sectors. Sometimes the concept of «civic education» is replaced by the concept of «citizen upbringing» in the pedagogical literature. Civic education also provides for the establishment and formation of the constitutional and legal principles of human rights. From the general concept «person» proceeds the concept - «citizen», which differs from the previous one in the sense of belonging to a particular state or the society, as well as the presence of specific responsibilities and rights. Regarding «citizen upbringing», the semantic meaning of the concept indicates the devotion of the educational process to the citizens' upbringing. The main goal of civic education is to shape integrative qualities of the citizens, encompassing the inner freedom and respect for state authority, love of country and the desire for peace, self-esteem and self-discipline, a harmonious display of patriotism and culture of interethnic communication. Citizenship formation revealing itself as a quality of the person is defined as the subjective efforts of teachers, parents, community organizations, and the objective conditions of the functioning of society, especially the government, the level of law, political, moral culture. Civic education involves the formation of the constitutional and legal position of the individual. Depleted social ideas, norms and attitudes define the civic consciousness of the emerging personality, but it requires purposeful educational work to achieve their harmony. These entrenched ideals of society are taken as their own personality.

**Key words:** civic education, civic society, education, upbringing, the Republic of Kazakhstan, Great Britain.

Қоғабаяева А.М.,  
Атыханова Д.Е.

**Особенности содержания  
гражданского воспитания  
в РК и Великобритании**

В этой статье будут рассмотрены различия содержания гражданского воспитания в Великобритании и РК. Гражданство является основой человеческой цивилизации, мысли, чувства и действия. Гражданское воспитание – это система воспитания, необходимая для каждого члена гражданского общества в формировании качественного гражданского образования. Например, политической, правовой, а также патриотической культуры, а также культуры общения и коммуникации на международном и межкультурном уровне. Политическое, гражданское, патриотическое и правовое воспитание – тесно взаимосвязанные между собой образовательные секторы. Понятие «гражданское воспитание» заменяется понятием «воспитание граждан» в педагогической литературе.

**Ключевые слова:** гражданское воспитание, гражданское общество, образование, воспитание, Республика Казахстан, Великобритания.

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН  
ҰЛЫБРИТАНИЯДАҒЫ  
АЗАМАТТЫҚ  
ТӘРБИЕ МАЗМҰНЫНЫ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Азаматтық тәрбие – бұл үздіксіз білім беру мазмұнындағы азаматтық күзінеттілік, қоғамға пайдалы азаматтық іс-әрекет, тұлғаны тәрбиелеу мен үйретудің жүйесі.

Азаматтық тәрбиені жеке оқу пәні арқылы беру мүмкін емес. Бұл интерактивті оқыту әдістері мен тәжірибеге бағытталған білім беру ұйымында, сыныпта, сыныптан тыс кезде жүзеге асатын үздіксіз үдеріс.

Я.А. Коменский философ-гуманист ретінде тәрбиеге үлкен көңіл бөлген. Әлем туралы көзқарас қалыптастыруда саналы және тәуелсіз, өз бетінше қоғамға қызмет етуге бағыттайтын адамды қалыптастыруға тәрбие қызмет етеді деп атап көрсетеді [1].

Азаматтық тәрбие – бұл қоғамның әрбір мүшесіне қажетті азаматтық сапаны қалыптастырудағы тәрбие жүйесі. Мәселен, саяси, құқықтық, сонымен бірге патриоттық және ұлттаралық қарым-қатынас мәдениеті. Саяси, азаматтық, патриоттық және құқықтық тәрбие бір-бірімен тығыз өзара байланысты тәрбие салалары. Азаматтық тәрбие тұлғаның конституциялық, құқықтық ұстанымын қалыптастыруды да қарастырады [2].

Азаматтық тәрбие – бұл білім беру жүйесіндегі тұлғаның қоғамдық рөлін қалыптастырумен байланысты тәрбие жұмысының бір бағыты. Азаматтық тәрбие саяси немесе партиялық сипатта емес, ол өздерінің әлеуетті мүмкіндіктерін өмірде толығымен қолдана алатын қоғамның еркін азаматтарын дамытуға бағытталған тәрбие бағыты. Азаматтық тәрбие кездейсоқ араласудан және мемлекет тарапынан әлеуметтік, экономикалық, адамгершілік, шығармашылық, діни, ұлттық және басқа қоғам мүшелерінің қызметіне шектеу қоюдан аулақ. Ол қоғамның әрбір мүшесінің адамгершілік және ұлттық құндылықтарын тәрбиелеуге жол ашады, – деп В.С. Безрукова қалыптасқан пікірден біраз алшақ ойды алға тартты [3].

«Азаматтық тәрбие» ұғымы педагогикалық әдебиеттерде «азаматты тәрбиелеу» ұғымымен ауыстырыла қарастырылған. Ең алдымен «азамат» ұғымына берілген В.И. Даль анықтамасына тоқталсақ: «Азамат – ортақ басшылыққа бағынатын халықтың немесе қауымның мүшесі; халықты, Жерді және мемлекетті құраушы әрбір тұлға». Ал С.И. Ожеговтың кейінірек берілген анықтамасында азаматты белгілі бір мемлекеттің аумағында тұрақты өмір сүретін, сол мемлекеттің қорғанышын пайдала-

натын және басқа да саяси және басқа құқықтар мен міндеттерге өкілетті тұлға деп анықтайды [4]. Осыдан түйетініміз, «адам» деген жалпы түсініктен «азамат» ұғымын оның белгілі бір мемлекетке, қоғамға тиесілі болуы және нақты міндеттері мен құқықтарының болуы ажыратады. Ал «азаматты тәрбиелеу» ұғымының мағыналық маңызы тәрбиелік үдерістің азаматты тәрбиелеуге бағытталғанын көрсетеді.

Шакенова Т.Ж. бүгінгі күнгі азаматтық тәрбие – ол әр түрлі деңгейдегі мекемелердегі, яғни мектепке дейінгі, мектептегі, орта арнайы мектептердегі, ЖОО-дағы, қоғамдық ұйымдардағы іске асып жатқан үдеріс, – деп анықтай келе қоғамдық ұйымдардағы азаматтық тәрбиенің келесідей әлеуметтік-қызметтік потенциалмен анықталатындығын айтады: а) кешенді түрде азаматтық міндеттерін, білімдерін жүзеге асыруға жеке тұлғаның дайындығы және қабілеттілігі б) әлеуметтік қызметте тұлғаның өзін-өзі тануына ұмтылуы с) өмірде азаматтық сапаны іске асыра алу мүмкіндігі [5].

Азамат ұғымымен бостандық және жауапкершілікпен қатар, «азаматтық қоғам» ұғымы байланысты. Азаматтық қоғам – экономикалық тәуелсіз, мемлекет пен үкімет қарамағындағы өз бостандығы бар, мемлекет пен қоғам мәселелеріне белсенді араласатын және олар құрған қоғамдық ұйымдар арқылы мемлекеттік-саяси жағдайларға әсер етуші азаматтар қоғамы.

Айта кететіні, адамға табиғатынан адамдар қоғамында өмір сүруге ұмтылу тән болғанымен, ол барлығын, өзінше орындауды қалайды. Нақ осы жағдайда, Гегель, азаматтық қоғамды құраушы негізгі элемент ретінде бөлек алынған, өз қажеттілігін басқа тұлғалар арқылы орындаушы ретінде нақты тұлғаға көңіл бөледі [6].

Азаматтық қоғам – белгілі бір қоғамда мемлекеттің қатысуынсыз және мемлекеттік органдардан тысқары дамитын тұлғааралық қатынастардың қоғамдық, мәдени және басқа да құрылымдардың жиынтығы.

Азаматтық қоғам жеке адамдардың қатынасындағы абсолютты еркіндік саласын құрайды, яғни ол жеке басының мүдделерін іске асыруды, сөйтіп өз талғамдарымен өмір сүруді көздейтін еркін адамдардың өзара әрекеттесе отырып тоғысатын аясын білдіреді.

Азаматтардың мүдделері әртүрлі болғандықтан оны іске асыратын мемлекетке тәуелсіз қоғамдық институттардың да әртүрлі болып келуі орынды. Азаматтық қоғам құрылымына мемлекет шеңберінен тыс және оның қатысуынсыз дамитын тұлғааралық қатынастардың бүкіл

жиынтығы және де күнделікті даралық, ұжымдық қажеттерді атқаратын мемлекетке тәуелсіз қоғамдық институттардың тармақталған жүйесі жатады. Осыдан, азаматтық қоғамның бір-бірімен байланысты үш саласын ажыратуға болады: экономикалық, мәдени-әлеуметтік және саяси.

Экономикалық салаға адамдардың тұрмыстық мұқтаждықтарына байланысты қалыптасатын өндірістік қатынастар және осы қажеттіктерді өтеу үшін құралатын қоғамдық институттар (акционерлік қоғамдар, серіктестіктер, жалға берушілік ұжымдар, корпорациялар, кәсіптік бірлестіктер және т.б.) жатады.

Мәдени-әлеуметтік салаға денсаулық, ұрпақ жалғастығы мен тәрбие, рухани жетілу, ақпарат алмасу, сұхбаттасу сияқты қажеттіліктерді өтеу жолында қызмет ететін институттар (отбасы, шығармашылық одақтар, спорттық қоғамдар, бұқаралық ақпарат құралдары және т.б.) жатады.

Саяси-мәдени салаға саяси өмірге қатынасу қажеттіліктеріне сай қалыптасатын қатынастар мен оларды өтеуге байланысты құрылатын институттар (партиялар, қозғалыстар, мүдделі топтар және т.б.) жатады.

Жетілген азаматтық қоғам болмаған жерде дамыған демократиялық мемлекет құру да мүмкін емес, өйткені тек еркін азаматтар ғана біріккен саналы іс-әрекеттердің нәтижесінде мұндай адами қауымдастықты жасай алады.

Бұл қарастырылған еңбектерді қорыта келе, біздің ойымызша азаматтық қоғамның ерекшелігі оның ерекше биік деңгейде болуымен қатар, қарапайым адами қоғам болуында. Тұлғаның өзін-өзі бағалауы мен өзін-өзі өзектендіруге құқылы болуы және жеке тұлғалық бостандық пен тәуелсіз дамуы, өз алдындағы және қоғамның өзге мүшелері алдындағы жауапкершілікті саналы түрде сезіну барысында азаматтық қоғам қалыптасады.

Азаматтық қоғам ұғымымен қатар, азаматтық тәрбиенің бөлігі ретінде «азаматтылық» ұғымын қарастырсақ, әр заманда әртүрлі талаптарға байланысты тұлғаның азаматтылығы түсінігі де өзгеріп отырған.

Азаматтылық мәселесі жоғарыда айтылып өткендей Аристотельдің «Саясат» кітабында бастау алады. Ақкөңіл адамдардың санын арттырып, мемлекеттің бақытты өмірін қамтамасыз етуші адамды, Аристотель толыққанды азамат деп қарастырады. Адам өзінің саналы сезінуі арқылы ғана азамат бола алады деген ойды айту арқылы Аристотель азаматтылықты адами шыңға жету мен адами құндылықты сезіну деп қарастырады [7]. Ерте заманда айтылған Аристотел-

дің ойын XX ғасырдың 80-жылдарын зерттеуші А.М. Шаменов та жақтайтынын айтып өткен. Ол азаматтылықты адамгершілік ой сапасы деп анықтай келе, оған ғылыми дүниетаным мен саяси сезіну, жоғары адамгершілік сапалар, қоғамдық белсенділікті жатқызады [8].

Г.Н. Филоновтың анықтамасы бойынша «Азаматтылық дегеніміз – тұлғаның қарым-қатынас пен арнайы әлеуметтік-рөлдік қызметтер әрекетіндегі субъективті сапаларының кешені, яғни саналы түрде Заңға бағынушылық, Отанға қызмет ету, тұлғааралық және ұлтаралық қатынастардағы еңбек ортасымен қоса жалпы қабылданған нормалар мен адамгершілік құндылықтарға шынайы бағытталу» [9].

Өз зерттеуінде В.И. Кожакарь азаматтылықты қоғамдық-саяси, құқықтық, шаруашылық-ұйымдастырушылық шешім қабылдауда барынша түрленетін әрекеттегі тұлғаның қажеттілігі деп анықтайды.

XX ғасырдың 60, 70, 80-жылдарда бұл мәселені қарастырған ғалымдар азаматтылықтың барынша кеңейтілген философиялық түсіндірмесін береді. Зерттеуші И.М. Ильинский, В.А. Ребрик азаматтылықты адам шындалғандылығының моральдық дәрежесін сипаттайтын тұлғаның әлеуметтік-саяси сапасы, яғни оның әлеуметтік кемелдену көрсеткіші деп анықтайды [10-11].

Педагог В.А. Сухомлинскийдің педагогикалық зерттеулерінде азаматтылық саналылық, әлеуметтік белсенділік, патриотизм және интернационализм, еңбекке деген жауапкершілік қатынасты қамтитын тұлғаның кіріккен сапасы деп сипатталған. Автор азаматтылықтың мәні мен педагогикалық мазмұны, оның құрылымын ажыратты. Бұл тұрғыда, В.А. Сухомлинскийдің ойынша, азаматтылық ол адамның тіршілік әрекетіндегі интеллектуалдық, эмоционалды-еріктік және әрекеттік компоненттерден тұратын күрделі әлеуметтік-психологиялық білім. Бұл әлеуметтік-тарихи тәжірибедегі адам әрекетінің тәсілдері мен санадағы бейнесінің біріккен нәтижесін құрайтын жүйелі сапа. Сонымен, «Аза-

маттылық – бұл адамның сендіруінің, ойының, сезімінің және әрекетінің тамыры ...» деп анықтайды [12].

Ағылшын тілді әдебиеттерді зерттеу барысында қазақ тіліндегі «тәрбие» түсінігінің барлық мағынасын қамтитын нақты терминді таңдауда қиындықтарға тап болдық. Ағылшын тілінде кем дегенде 5 термин қолданылады, бірақ олар «тәрбие» ұғымының аспектілерін ғана айқындайды. Әдеби және ғылыми әдебиеттерді талдау нәтижесінде ең көп қолданылған терминдер қатарына education; upbringing; training; breeding; raising жатқызамыз.

Бірінші қолданылған термин, яғни «education» біздің қолданыстағы «тәрбие» ұғымына барынша сәйкес келеді. Британдық түпнұсқа сөздіктерінде («Longman», «Macmillan», «Geddes, and Grosset» баспалары) бұл оқыту және нұсқау беру (моральдық, діни, азаматтық, эстетикалық және спорттық тәжірибені меңгеру) арқылы жоғары білім беру мекемелері мен мектептерде адам табиғаты мен ақыл-парасатын қалыптастыру деген анықтама берілген. Осылайша, «education» термині өз мағынасында қандай да бір оқу мекемесінде орны бар тәрбие беру үдерісі ретінде қарастырылады.

«Upbringing» – берілген ұғымдардың екіншісі – дәл осы үдерісті отбасылық тәрбиеге әкеледі, яғни қоғамдағы және білім беру мекемелеріндегі тәрбиені қамтымайды.

«Training» – берілген ұғымдардың үшіншісі – тәрбие беру емес, нұсқау беру немесе оқыту ұғымдарына жақын, яғни тәрбие үдерісінің мақсаты мен адамгершілік даму құндылықтары қамтылмайды.

«Breeding» термині белгілі бір нормаларға тұлғаны дағдыландыру, яғни қоғамдағы жақсы әдеттерге бейімдеу барысын қамтиды. Бұл анықтамалардан тәрбие берудің жартылай қамтылатынын көреміз.

Ал ең соңғы термин – «raising» өсіп келе жатқан ұрпаққа қамқор болу деген ұғымды береді, бірақ оның өсу барысындағы тәрбиелік аспектілерін қамтымайды.

**1-кесте** – «тәрбие» ұғымының ағылшын тіліндегі мағынасының ерекшеліктері

«Upbringing»	отбасылық тәрбие
«Training»	нұсқау беру немесе оқыту
«Breeding»	қоғамдағы жақсы әдеттерге бейімдеу
«raising»	қамқор болу
«education»	тәрбие беру



Сонымен, «тәрбие беру» терминінің ағылшын тілді баламасын «education» деп қарастыру керек деген ойды Данилова А.С. өзінің зерттеуінде дәлелдей келе, «тәрбие беру» терминінің тура мағынасындағы «upbringing» ұғымын ғылымда қолданудың қисынсыз екенін айтады.

Ал жалпы Қазақстан Республикасындағы азаматтық тәрбие мазмұнын келесідей ұлттық бағдарламалар мен жылдық кезеңдерге бөліп қарастырылатын тәрбие Тұжырымдамалары мен басқа да заңнамалық құжаттар анықтап отырған. Яғни, «Қазақстан – 2050 Стратегиясы»; «Қазақстан – 2030 Стратегиясы»; Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы; Жастар саясатының 2010-2014 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы; Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасы; Қазақстан Республи-

касының білім беру жүйесінде тәрбие берудің 2013-2015 жылдарға арналған кешенді бағдарламасы; «Интеллектуалдық ұлт – 2020» ұлттық бағдарламасы тәуелсіздік алған жылдардан бергі азаматтық тәрбиенің мазмұнын айқындап, оны бағдарлап келеді [13].

Ғылыми әдебиеттердегі азаматтық тәрбие ұғымын жан жақты зерттей келе біз *азаматтық тәрбие дегеніміз – бұл үздіксіз білім беру мазмұнындағы интеллектуалды тұлға қалыптастыруда азаматтық құзіреттілік, қоғамға пайдалы азаматтық іс-әрекетті үйретудің тәжірибеге және адам бойында елін, жерін, Отанын, өзін қоршаған ортаны бағалай алатын ізгі қасиеттерді қалыптастыруды көздейтін тәрбие бағыты* деп қорытындылауға болады. Ал 1-үлгіден *қазақстандық азаматтық тәрбиенің жан-жақты байланысын және оның құраушы компоненттерін* көруге болады.

#### 1-үлгі – Қазақстандық азаматтық тәрбиенің құрамдас бөлігі

Демократиялық іс-әрекет

Қоғамдық қызмет

Қоғамдық қызмет

Азамат және Заң

*Азаматтық тәрбие*

Қауымдастық

Елжандылық

Жұмыс және бос уақыт

Отбасы

Ағылшындық азаматтық тәрбиенің бүгінгі күндегі сипаттамаларын ғалымдар келесідей қарастырады:

оқушының әлеуметтік жауапкершілігін дамыту;

әртүрлі ұлт өкілдеріне құрметпен, сыйластықпен қарау;

Ұлттық оқу жоспарындағы талаптарға сай болу;

азамат ретінде әрбір оқушының тұлғалық құқықтары жайлы білімі мен түсінігін дамыту;

қоғамдық құқық сезімін дамыту;

демократиялық үдеріске қатысушылықты, мүшелікті қалыптастыру [14].

Яғни, ағылшын зерттеушілері «қалыптастыру» етістігін емес, «дамыту» етістігін көбірек айтады. Бұл дегеніміз азаматтық тәрбие біршама нәтижелерін беріп, азаматтық тәрбие қоғамда сәтті іске асуда, тек қазіргі өзгерістерге байланысты дамыту, ақпараттық қоғам талаптарын орындау арқылы заманға сай болу талаптарын орындау міндеті өзекті болып отыр. Ағылшын-

дық азаматтық тәрбиенің оқушыларға әсерін, оның нәтижесі жайлы оқушылар пікірін сурау мақсатымен жүргізілген сауалнамада азаматтық тәрбиенің маңыздылығын және оның берер пайдасын анық көруге болады. Сауалнамалар нәтижесіне талдау жасағанда оқушылардың 82 пайызы өз-өзіне деген сенімділік, 80 пайызы бос уақытты тегін беру немесе еріктілер әрекетіне қадам, 77 пайызы ақпараттанған тұтынушыларды тәрбиелеу, 71 пайызы қоғамдық қызметтерді тиімді пайдалануға оқушыларды үйрету, 70 пайызы оқушының өндірістік санасын қалыптастыру деп азаматтық білімнің сипаттамасына оңтайлы жауап берген. Ал оқушылардың 69 пайызы тұлғаның ұлттық сәйкестік сезімін қалыптастыруда азаматтық тәрбие тікелей әсер етеді деп жауап береді.

Англия зерттеушілерінің ойынша азаматтық білім беру бағдарламасының негізгі құрауыштары:

Саясаткерлер – тұрақты тәжірибе мен тиімді саяси өзгерістерге қол жеткізуде азаматтық білім беру мен азаматтық құндылықтарды барлық са-

яси идеялардың алдыңғы қатарлы мәселесі деп қарастырады.

Мектептер – күнделікті өмірде ұйымдастырылған және күнделікті тәжірибе мен қарым-қатынаста азаматтық тәрбие мақсаты мен құндылықтары қалай қамтылған деген мәселелерді қарастыра отырып, азаматтық және құндылықтар жайлы білім беруді құрастырады.

Оқу құралы – негізгі құндылықтар мен мақсаттарды қамтитын және ұлттық оқу жоспары түсінігін қамтамасыз етеді.

Мұғалімнің білім беруі – кәсіби дамудағы созылмалы білім алу мен тәжірибе жинақтау арқылы азаматтық білім берудің тиімді әдістерін ұсынуда оқытушының рөлін анықтайды.

Жергілікті қауымдастықтар – бұл шаралардан жартылай алшақтатылған ұйымдардың араласуы

Жастар – жалпы алғандағы барлық жастар азаматтық және құндылықтық тәрбие алуға мүмкіншіліктері бар [14, 60-63 бб.]. Яғни, ағылшындық азаматтық білім беру ғылыми негіз-

делген, бір жүйеге келтірілген, тұтастықта іске асады.

Оның негізгі құрауыштарын анықтау ғылыми зерттеулердің нәтижесінде анықталды. Ағылшындық жастардың саяси белсенділігін арттыру негізгі міндет болғандықтан бағдарлама құрауыштарының бірінші жолында зерттеушілер саясаткерлерді нұсқайды. Оқу құралдары да маңызды орында, себебі мемлекеттік саясат, оның негізгі идеологиясы оқу бағдарламасының негізгі мазмұнын анықтап, оқу құралдары арқылы жүзеге асады.

Қорыта айтқанда, азаматтық тәрбие мазмұнын Қазақстан Республикасы мен Ұлыбританиядағы жағдайға сай қазақстандық азаматтық тәрбие мазмұны патриотизммен байланысты болса, ал ағылшындық азаматтық тәрбие мазмұны дәстүрлі джентльмен тәрбиелеу негізінде дамып келеді. Қазіргі таңда, ағылшындық азамат тәрбиелеуде саяси идеология жатқандығын көруге болады. Олардың өмірлік идеалы ретінде де саясаткерлерді таңдайды.

#### Әдебиеттер

- 1 Кочеткова С. В. Программа создания системы военно-патриотического воспитания // Детство. – 2008. – № 3-4.
- 2 Әбенбаев С.Ш., Барақбаева К.А. Тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастыру жүйесінде азаматтық тәрбиенің мәні // Известия КазУМОиМЯ имени Абылайхана, серия «Педагогические науки». – Алматы, – 2013. – № 1-2. – 21-23 бб.
- 3 Безрукова В.С. Основы духовной культуры // Энциклопедический словарь педагога. – 2000. – 21-22 с.
- 4 Волжина О.И. Развитие идеи гражданского воспитания подрастающего поколения: историко-педагогический аспект: дисс. ... к.п.н. с.7
- 5 Шакенова Т.Ж. Гражданское воспитание школьников на основе нравственного развития личности // Вестник КарГУ. Сер.педагогика. – 2011. – №1. – С. 75-81.
- 6 Шахметова Д.С. Формирование гражданского самосознания будущих учителей в целостном педагогическом процессе вуза: дисс. ... канд. пед. наук. – Караганды, 2010. –14-15 с.
- 7 Нысанбаев Ә.Н., Әбішев Қ., Жүкешев Қ. Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған «Қоғамдық білім негіздері» оқулығы, Алматы, 2007. – 228-229 бб.
- 8 Шаменов А.М. Проблема воспитания гражданственности школьников в советской педагогике 70-80 гг.: дисс....канд. пед.наук.: 13.00.01. – Алма-Ата, 1991. – 138 с.
- 9 Филонов Г.Н. Феномен гражданственности в структуре личностного развития // Педагогика. – 2007. – № 8. – С. 38-40
- 10 Ильинский, И.М. Асимметричный человек // Знание. Понимание. Умение. – 2008. – № 1. – С.5.
- 11 Бобрович В.И. Воспитание гражданина: политическое и гражданское образование в переходный период // Высшая школа. – 1997. – № 5.
- 12 Ахметжанова, Г.Р. Подготовка студентов педвуза к осуществлению гражданского воспитания: дис. канд. пед. наук / Г.Р. Ахметжанова. – Казань, 2003. – 186с.
- 13 Иманбекова К.Ж. 2015 жылға арналған білім беру саласындағы атаулы даталар күнтізбегі: библиографиялық ұсыныс көрсеткіші, РҒПК. – Алматы: «Тау-Самал» ЖК, 2014. – 224 б.
- 14 Torney-Purta; Hahn; Kerr Citizenship Education. 2006. – 20-28 pp.

#### References

- 1 Kochetkova S. V. Programma sozdaniya sistemy voenno-patrioticheskogo vospitaniya // Detstvo. – 2008. – № 3-4.
- 2 Aabenbaev S.Sh., Barakbaeva K.A. Tulganyn bazalyk madenietin kalyptastyru zhujesinde azamattyk tarbienin mani // Izvestiya KazUMoiMJa imeni Abylajhana, se-rija «Pedagogicheskie nauki». – Almaty, – 2013. – № 1-2. – 21-23 bb.
- 3 Bezrukova V.S. Osnovy duhovnoj kul'tury // Jenciklopedicheskij slovar' pedagoga. – 2000. – 21-22 s.
- 4 Volzhina O.I. Razvitie idei grazhdanskogo vospitaniya podrastajushhego pokolenija: istoriko-pedagogicheskij aspekt: diss. ... k.p.n. s.7

- 5 Shakenova T.Zh. Grazhdanskoe vospitanie shkol'nikov na osnove npravstvennogo razvitija lichnosti // Vestnik KarGU. Ser. pedagogika. – 2011. – №1. – S. 75-81.
- 6 Shahmetova D.S. Formirovanie grazhdanskogo samosoznaniya budushhih uchitelej v celostnom pedagogicheskom processe vuza: diss. ... kand. ped. nauk. – Karagandy, 2010. –14-15 s.
- 7 Nysanbaev A.N., Abishev K., Zhukeshev K. Zhalpy bilim beretin mekteptin 11-syny-byna arnalgan «Kogamdyk bilim negizderi» okulygy, Almaty, 2007. – 228-229 bb.
- 8 Shamenov A.M. Problema vospitaniya grazhdanstvennosti shkol'nikov v sovetskoj pedagogike70-80 gg.: diss....kand.ped. nauk.: 13.00.01. – Alma-Ata, 1991. – 138 s.
- 9 Filonov G.N. Fenomen grazhdanstvennosti v strukture lichnostnogo razvitija // Pedagogika. – 2007. – № 8. – S. 38-40
- 10 Il'inskij, I.M. Asimmetrichnyj chelovek // Znanie. Ponimanie. Umenie. 2008. – №.1. – S.5.
- 11 Bobrovich V.I. Vospitanie grazhdanina: politicheskoe i grazhdanskoe obrazovanie v perehodnyj period // Vysshaja shkola. 1997, № 5.
- 12 Ahmetzhanova, G.R. Podgotovka studentov pedvuza k osushhestvleniju grazhdanskogo vospitaniya: dis. . kand. ped. nauk / G.R. Ahmetzhanova. – Kazan', 2003. – 186s.
- 13 Imanbekova K.Zh. 2015 zhylga arnalgan bilim beru salasyndagy atauly datalar kuntizbegi: bibliografijalyk usynys korsetkishi, RGPК. – Almaty: «Tau-Samal» ZhK, 2014. – 224 b.
- 14 Torney-Purta; Hahn; Kerr Citizenship Education. 2006. – 20-28 pp.